

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЫ

АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әлеуметтану .
Әлеуметтанудың құрлымы мен
қызметі.

Дайындаған: Оңласын Ә. О.

Топ: ИС 16-11

Тексерген: Жампетова А. О.

2017 жыл

Жоспар:

1. Әлеуметтану
2. Макро және микро социологиялық теориялар.
3. Қоғам тірі организм ретінде: функционализм.

Әлеуметтану.

Әлеуметтану — қоғамның қалыптасуы, жұмыс істеуі және даму заңдылықтары туралы ғылым. Әлеуметтану фактілерді, үдерістерді, қатынастарды, жеке тұлғалардың, әлеуметтану топтардың қызметін, олардың рөлін, мәртебесі мен әлеуметтану мінез-құлқын, олардың ұйымдарының институты.



Макро және микро социологиялық теориялар.

Социологтар қоғамды екі деңгейде қарастырады: микро және макро деңгейде.

Микросоциология – адамдардың күнделікті өмірдегі қарым-қатынасын-интеракция ретінде, олардың өзара іс-әрекет түрлерін зерттейді. Бұл сала жұмыс істейтін зерттеушілердің есептеуінше әлеуметтік құбылыстар адамдардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасына мән бергенде ғана мазмұндар негізін талдап түсінуге болады. Олардың басты зерттеу тақырыбы-индивидтер іс-әрекет, олардың әдеті, мотивтері, қоғамның тұрақтылығы немесе ондағы өзгерістерге серін зерттейді.



Макро және микро социологиялық теориялар.

Макросоциология – негізінде кез-келген қоғамның мәнін түсінуге көмектесетін іс-әрекет үлгілеріне мән береді. Бұл құрылымдар өздеріне мынадай қоғамдық институттарды енгізеді, олар отбасы, білім, дін сондай ақ, саяси және экономикалық құрылыс. Адамдар туылғаннан бастап осы әлеуметтік құрылымдарға енеді әрі оның терең әсерін байқайды. Макросоциологтар қоғамның түрлі бөліктерінің қарым-қатынастарын зерттеуге аса мән береді, олар сондай ақ, осы өзара байланыстардың өзгеруінде анақтауға тырысады.



Социология ғылымының әлеуметтік-қоғамдық қызметі.

Социология ғылымының әлеуметтік-қоғамдық қызметі әртүрлі. Солардың ішінде негізгі төртеуін бөліп көрсетуге болады.


1. Эмпирикалық қызмет
2. Теоретикалық қызмет
3. Социология ғылымының болжамдық қызметі
4. Қолданбалы қызметті

1. **Эмпирикалық қызмет** – нақты ақпараттар мен алғашқы мәліметтерді жинау және өңдеу қызметін атқарады. Мысалы, тұрғындар санын, құрамы мен өсім деңгейін, жұмыссыздар санын, ажырасу көрсеткіштерін, жанұядағы табыс мөлшерін пікірін, т.б.
2. **Теоретикалық қызмет** – социологтар жиналған мәліметтерді анализдеп, бір жүйеге келтірген соң бұлардан практикалық түрде дәлелденген ғылыми қорытынды шығарады. Осының нәтижесінде социологиялық ғылымға жаңа ұғымдар мен терминдер енгізіледі, жаңа доктриналар, концепциялар, әлеуметтік құбылыстар мен процестерді түсіндіруде жаңа теориялар пайда болады.

3. **Социология ғылымының болжамдық қызметі де** осы көріністермен байланысты. Бұл қызмет – ғылымдар сол және басқа әлеуметтік процестердің болашақта дамуын алдын-ала ғылыми негіздеп, болжам жасауында көрінеді. Мысалы, тұрғындардың саны мен құрылымының өзгеруін, жуырда болатын сайлаудағы сайлаушының іс-әрекетін, экологиялық бұзылу зардаптарын алдын –ала болжау т.с.с.
4. Ақырында социологиялық болжамдар, теоретикалық өңдеулер практикалық мақсатта қолданылып, социология **қолданбалы қызметті атқарады.** Социологтардың бұл зерттеулері білім жүйесінде жақсы көрсеткішке ие болуына денсаулық сақтау, тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандыруда үлкен роль атқарады.

Қоғам тірі организм ретінде: функционализм.

Қоғам мен қоғамдық құрылыстар туралы функционалистік көзқарастарды алғаш рет XIX ғ. Г.Спенсер еңбектерінен көруге болады. Ол қоғамды адам денесі секілді тірі организммен салыстырады. Біздің организміндегі әрбір орган-жүрек, ми, асқазан және т.с.с өмір сүру процесінде арнайы функцияны атқарады. Егер біздің организміндегі бір функция қызметін тоқтатса немесе жеткіліксіз дәрежеде қызмет етсе, организм қалыпты түрде қызмет ете алмай қалады немесе қатардан шығады. Сол сияқты функционализм жақтаушылары қоғамды көптеген бөліктерден құралған организмдер ретінде қарастырады, олар: әскери, экономикалық, медициналық, діни т.б салаларға бөліп оның функциялануын ғылыми теория ретінде талдап қарастырады.



«Әлеуметтану – бұл адам тәртібін зерттейтін әдістер жөніндегі ғылым »

Б. Хендри

Назарыңызға рахмет